

Ғимарат ауасының газдық құрамы

Рахмадуллаева Улбосын

Рузматов Сайдулла

Кеңесбек Гулдана


305 вет сан

Ауаның қозғалыс жылдамдығы.


- Жылдың суың кезінде ауаның қозғалыс жылдамдығы 0,3 м/с, ал жаздың ыстық температурасында 1 м/с-дан аспауы керек. Жаңа туған төлдер мен құстардың тұратын орындарында 0,1-0,2 м/с аспауы тиіс. Ауаның қозғалыс жылдамдығын анықтау үшін анемометр және кататермометр аспаптары қолданылады.



анемомет
р



a



b

кататермомет
р

Мал қораларындағы ауа газдарының құрамы.

- Мал мен құстар қораларында көмірқышқыл, аммиак, күкіртті сутегі, көміртек тотықтары жиналуы мүмкін. Көмірсутегі газы (CO_2) қораларда мал мен құстардың тыныс алуы кезінде жиналады. Қоралардағы ауа газының шектеулі концентрациясы малға — 0,25, төлдерге — 0,20, құстарға — 0,15-0,18 болуы тиіс. Аммиак (NH_3) мал қораларында құрамында органикалық азоты бар заттардың бұзылуы нәтижесінде пайда болады, бұл — улы газ.

- Күтуші адамдар мен малға аммиак теріс әсер етеді. Аммиак сумен қосылғанда сілтіге айналып, химиялық күйдіргіш қасиетіне ие болады, кілегей қабықтарды, жоғары тыныс жолдарын тітіркендіреді немесе тұяқ мүйізін қопсытып, қанға түседі. Қорадағы ауада мал үшін аммиактың шектеулі мөлшері $\sim 15-20$ мг/м³, ал телдер мен құстарға бұл көрсеткіш 1,5-2 есе аз.

-

- Күкіртті сутегі (H_2S) құрамында күкіртті бар ақуызды заттардың шіруінен, сонымен қатар, малдан шығатын газдар арқылы пайда болады. Өзінің әрекетіне қарай аммиактан да улы. Малға күкіртті сутегінің көп концентрациясының мөлшерінен ісік және өкпенің жіті қабынуы байқалады. Мал үшін күкіртті сутегінің шектеулі мөлшері — 10 мг/м^3 , ал төл және құстар үшін бұл көрсеткіш екі есе аз. Көміртек тотығы (CO) қораларда пештен немесе автокөліктер мен тракторлардың жұмыс істеу кезінде толық жанбаған жанармайлардан және толық желдетілмеген кезде жиналады. Қызмет көрсетушілердің жұмысы кезінде және мал тұрған аймақта газдың ең жоғарғы концентрациясы жиналады. Организмде газ жанбайды.

- . Қораларда көміртек тотығының шектеулі концентрациясы 2 мг/м^3 болып саналады. Концентрациясы зиянды әсер ететін газдарды әмбебап газ анықтағышпен (УГ-2) анықтайды. Бұған алдын ала әр газға арналған индикаторлы ұнтақты дайындап қою керек. Зиянды өсер ететін газдардың жиналуын болдырмау үшін кешенді шаралар жүргізілуі тиіс. Яғни қорадан нөжіс пен несепті тез жинап шығару, едендерді ылғал жібермейтін мықты жабдықтармен жабдықтау, мал тұратын аймақта ауа алмасуын дұрыстау, едендерге газды бойына сіңіретін материалды (сабан, ағаш ұнтағы) және газ концентрациясын төмендететін препараттар (сөндірілген әк, суперфосфат) қолдану керек.

Ауаның шаңмен және микробпен ластануы.

- Шаң таза техникалық жолмен кілегей қабықтарды, жоғарғы тыныс жолдарын, көзді тітіркендіріп, әр түрлі ауруларды тудырады. Шаңмен бірге тыныс жолдарына әр түрлі микроорганизмдер де енуі мүмкін. Малдың жасына және олардың күту кезіндегі зоогигиеналық нормаларына байланысты шаң мөлшері 0,8-4,0 мг/м³. Малға арналған қорадағы ауаның шаң және микробпен ластануын төмендету үшін мынадай шараларды жүргізу керек: а) аумақты көгалдандыру; б) малды қорадан тыс тазалау; в) күнделікті залалсыздандыру; г) бактерицидтік ультракүлгін шамдарды пайдалану.